

ТІЛ ДАМУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ РОЛІ

Г. Г. Каржауова

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада тіл дамыту барысындағы жаттығу жұмыстарының ролі көрсетілген. Тілдік тақырыптың мән-мазмұнының жан-жақты ашылуы, қандай да бір сабақ түрінің мақсатына жетуі қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін жаттығу жұмыстарына байланысты. Сонымен қатар мақалада жаттығу барысында жүргізілетін жинақтау-талдау жұмыстары, оларды жүйелеу және пайдалану, жаттығу, дағдыландыру жұмыстарына қойылатын талаптар жөнінде сөз болады. Дұрыс жоспарланған жаттығулар жүйесі оқыту үдерісін сапалы өткізуге, студенттердің сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) тез меңгеруіне ықпал етіп, нәтижесінде өз ойын, пікірін, болып жатқан оқиғаны дұрыс бағалап айта білуге дағдыландырады. Әрбір меңгерілген білім бойынша жұмысты тиянақты орындауға баулиды.

В статье показана роль упражнений по развитию речи. Содержание речевых тем, их раскрытие – достижение одной из целей казахского языка, связано с видами упражнений во время занятия. Наряду с этим в статье говорится об использовании упражнений по сбору и анализу работ, их систематизация, о роли упражнений для развития навыков речи. Эти упражнения позволяют качественно изменить методику проводимых занятий, способствуют быстрому усвоению студентами учебного материала в процессе слушания, аудирования, чтения, письма. В результате такого подхода к каждому разделу изучаемого материала возможно достижение эффективности в обучении.

The role of speech development exercises is shown in the article. The contents of speech themes, its revealing, achievement one of Kazakh language purposes connected with exercises, used during the lesson, along with this, the use of exercises by collection and analysis of works, its systematization, the role of exercises for speech skills development is spoken about in the article. These exercises allow to change methodics of lessons in qualified way, help fast absorption of educational material in the process of hearing, auding, reading and writing. As the result of this approach to every chapter of studing material it is able to reach efficiency in teaching.

Тілдік емес оқу орындарының қазақ тілі сабақтарында грамматиканы оқыту барысында жаттығу жұмыстарының маңызы өте зор. Студенттер грамматикалық материалды оқулық пен бағдарламаға сай меңгергендерімен, жаттығу жұмыстары тұрақты жүргізілмесе, білімдері тиянақты болмайды, үйренгендерін тез ұмытып қалады. Сондықтан да оқытушы студенттерге грамматикадан сапалы да терең, берік білім бергісі келсе, жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын жүргізіп отыруы тиіс. Әрбір оқытушы студенттердің керекті дағдыларын қалыптастыратын және қалыптасқан дағдыны тілдің басқа да ұқсас құбылыстарына қолдана алатын жаттығу әдістерін білгені жөн. Жаттығу нәтижесінде студенттер алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады. Жаттығу арқылы студенттердің алған білімдері нығайтылып, нақтыланып қана қоймайды, сонымен қатар өз беттерімен жұмыс жасауға, ойлау қызметтеріне дағдыланады. Өйткені, студенттер жаттығу жұмыстарын жүргізу кезеңінде үздіксіз талдау, жинақтау жұмыстарын жасайды, бір

тұлғаны екінші тұлғамен салыстырады, жалпылайды, жаттығу жұмыстары арқылы білімдерін жүйелейді.

Грамматикалық жаттығулар студенттердің қандай тілдік материалдармен жұмыс жасауына қарай фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік жаттығулар болып бөлінеді.

Фонетикалық жаттығулардың міндеті – студенттердің айтылған буындар мен дыбыстарды айыра алуын және оларды дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету.

Фонетикалық жаттығулар арқылы кейбір студенттердің дыбыстарды айыра алмауы, қайсыбір дыбыстарды қалдырып кету әдеті немесе «с» мен «ш», «р» мен «л», «ж» мен «з» сияқты дыбыстарды шатастырып айту кемшіліктері түзетіледі. Мұндай кемшіліктер оқуға да, жазуға да зиян келтірері сөзсіз

Фонетикадан берілетін мағлұматтар мен жаттығуларды тек дұрыс жазу, емле үшін ғана пайдаланып қоймайды, сонымен қатар студенттерді әдеби тіліміздің нормасын сақтап оқуға үйрету үшін де қолдануға болады. Оқу сабақтарында студенттердің жауаптарында, әңгімелерінде байқалған орфоэпиялық қателер, теріс айтылған сөздер түзетіліп, сөз ішіндегі, сөз аралығындағы дыбыстардың құбылуы ескеріліп отырылады. Бұған қоса тілімізге басқа тілдерден енген термин сөздердің дұрыс айтылуы да практикалық жаттығулар арқылы үйретіледі.

Морфологиялық жаттығулардың мақсатына ана тіліміздің морфологиялық құрылысын студенттерге саналы түрде меңгерту жатады. Мазмұны жағынан морфологиялық жаттығулар екі түрлі болады:

1. Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулар;
2. Сөз таптарын оқыту барысындағы жаттығулар.

Сөз тұлғасын оқыту барысындағы жаттығулардың сөздің морфологиялық құрамын, мағыналы бөлшектерін, морфемаларды саналы түрде меңгертудегі мәні зор. Ол сөздің морфологиялық құрамын талдау, көбінесе, сол сөздің мәнін дұрыс ұғынып алуға жәрдем етеді. Сөздің элементтері түбір, жұрнақ, жалғау – бұлардың әрқайсысы сөзге өзінше мән береді. Осы мәндердің жинағы бірігіп, сөздің жалпы мағынасын тудырады.

Морфемаларды, соның ішінде жұрнақты айыра білудің студенттердің тілін жетілдіру үшін де мәні зор. Өйткені, бұл жаңа сөздер жасауға және сол сөздерді орынды жерінде қолдана білуге мүмкіндік береді.

Сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынандай талаптар қойылады:

- 1) алдымен, мүмкіндігіне қарай, негізгі түбірді, одан әрі туынды түбірлерді, ең соңында түбірлес сөздерді талдайтындай жағдай жасалынуы тиіс;
- 2) белгілі бір сөздердің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбірден жасалатын туынды сөздермен салыстыру жұмысы ескеріледі;
- 3) туынды сөздер мен негізгі түбірді ажырату барысында мағына жағына назар аударылады.

Сөз таптарын оқыту барысында жүргізілетін жаттығулар сөздерді белгілі бір топқа біріктіріп, жүйелеуге үйрететіндей болғаны ұтымды. Жаттығу жұмыстары кезінде студенттер әрбір сөз табының қасиетін, ерекшеліктерін саналы түсінеді. Септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларын меңгереді. Оларды жазбаша, ауызша сөйлегенде дұрыс, орынды қолданып үйренеді.

Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар:

- 1) мәтіннен керекті сөздерді тапқызу;
- 2) керекті сөздерді қосып өздерінше сөйлемдер немесе әңгіме құрастыру;
- 3) сөздің мағынасын түсініп, сөйлемдегі қызметін көрсету;
- 4) сөздердің лексикалық немесе грамматикалық жағынан қалай өзгертетінін, не арқылы өзгертетінін аңғарту;

5) мағына және тұлға жағынан қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары барын салыстыру арқылы анықтау;

6) ұқсас сөздерді топтату;

7) байқаған құбылыстары жөнінде жеке-жеке қорытындылар шығару.

Синтаксистік жаттығуларға әдетте пунктуациялық жаттығулар да қосылады: мәтіндегі қойылған тыныс белгілерін талдау, өздері құрастырған сөйлемдер мен мәтіндерге қажетті тыныс белгілерін қойып, түсіндіру, қойылмаған тыныс белгілерін қою.

Студенттердің алған білімдерін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға мынандай талаптар қойылады:

1. Белгілі бір жаттығуды орындау үшін студенттердің сол жаттығуды орындай алатыны белгілі болуы шарт.

2. Студенттер жаттығуды не үшін орындайтынын, оның қандай пайдасы барлығын түсінсе ғана оны сапалы орындайды әрі белгілі бір дағдылары қалыптасады

3. Жаттығу студенттердің тілге қызығушылығын, ынтасын, ықыласын арттыруға тиіс. Өйткені, бір сарынды жаттығулар студенттердің зейінін, қабылдауын, белсенділігін нашарлатып жібереді.

4. Жаттығулар кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен орындалып отырылуы тиіс.

5. Жаттығу жұмыстары тек таяуда ғана өтілген материалдарға негізделмей, бұрын өтілген материалдарды да қайталауға мүмкіндік туғызуы шарт.

6. Бір жаттығу ұзақ уақытқа созылмауы тиіс, жаттығу қысқа уақытқа шақталып, үнемі ауыстырылып отырылғаны пайдалы.

7. Шығармашылықты талап ететін жаттығулар көбірек болғаны жөн.

8. Әр жаттығу студент еңбегінің нәтижелерін көрсетіп отыруы тиіс.

9. Жаттығулар студент ойына әсер етуі жағынан саралау және жинақтап қорыту түрінде болғаны жөн: яғни грамматикалық талдау, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдермен құрастыру арқылы ұқсастық пен ерекшеліктерді табу, топтау, өз пікірлерін дәлелдей білу, үйренгендерінен жалпы қорытынды шығара білу т.б.

10. Жаттығу жұмыстарының барысында студенттердің білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады, яғни зейін қойып тыңдай білу, белгілі бір жоспар бойынша сөздерді құрамына, сөз табына, сөйлем мүшелеріне талдау, сұрақ қоя білу, қажетті деректерді оқулықтан, сөздіктен қарап таба білу.

Тілдік тақырыптың мән-мазмұнының жан-жақты ашылуы, қандай да бір сабақ түрінің мақсатына жетуі қазақ тілі сабақтарында жүргізілетін жаттығу жұмыстарына да байланысты.

Көрнекті әдіскер, профессор А. В. Текучев жаттығу әдісі жайында «Методика преподавания русского языка в средней школе» деп аталатын еңбегінде: «Жаттығуды практикадан өткілген теориялық материалдың түсіндіруді сипаттайтын әдісі деп қарауға болмайды, ол тілден ұйымдастырылған сабақтың қажетті бөлімі және айырып қарауға келмейтін тарауы деп түсінген жөн. Егер тілді оқытуды жаттығуларды қолданбай білім беретін болса, ол өмірден, практикадан, нақтылы тілдік материалдардан қол қол үзген құрғақ теориялар болып шыққан болар еді,» – дейді.

Әдіскер ғалымдар М. Т. Баранов, А. Р. Прудников жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, лексиканы оқытумен байланысты жүргізілілетін жаттығу түрлерін сөздік және лексикалық жаттығулар деп екіге бөледі. Сөздік және лексикалық жаттығулар бір-бірімен тығыз байланысты, кей жағдайда оларды бір-бірінен айыру қиын, өйткені екеуінің де негізі сөзбен жұмыс жасау болады дей келіп, іскерлікті қалыптастыру үшін жүргізілетін жаттығуларды лексикалық жаттығуларға жатқызады. Ал сөздік жаттығуларға тілді сезінумен, сөзді дұрыс түсінуі, орынды қолдана білуімен тығыз байланысты сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазу жұмыстарын жатқызады.

Тіл дамытуға арналған жаттығу жұмыстарын жүргізгенде мынандай әдістемелік талаптарды ескерген жөн:

1. Лексикалық тақырыптың грамматикамен байланыстылығы;
2. Лексикалық тақырыптың тіл дамытумен байланыстылығы;
3. Жаттығуда берілген тілдік тапсырманың айқындығы;
4. Жаттығу мәтінінің тәрбиелік мәнінің болуы.

Тіл дамытуға арналған жаттығуларды үш топқа бөлуге болады:

1. Лексикалық тақырыпты бекітуге және тіл дамытуға бағытталған тақырыптық жаттығулар;

2. Меңгерілген лексикалық тақырыптарға байланысты студенттердің өзіндік шығармашылығын ұштауға бағытталған жаттығулар;

3. Лексикадан алған білімін тексеруге бағытталған бақылау жаттығулары.

Қазіргі лингвистика саласындағы жаңаша көзқарастың бірі – студенттердің өз ойларын дұрыс айтып беруге төселдіріп, тілді өмір қажетіне лайықты қатынас құралы ретінде пайдалана білуге үйрету. Бұл қатысымдық деңгей деп аталады. Ал қатысымдық деңгейлі оқыту тәсілдеріне қатысымдық жаттығулар жатады. Өйткені, тілдік материалдарды меңгеру үшін және тілдік дағдылар мен қатысымдық түрдегі сөйлеудің қалыптасуы үшін жаттығулардың алатын орны ерекше. Қатысымдық жаттығулар оқу, үйрену ісінде де маңызды рөл атқарады, өйткені олар белгілі бір іс-әрекетті меңгеру үшін бір нәрсеге икемделіп, дағдыланудың негізі болып табылады. Қатысымдық жаттығулардың түрлері: тілдік жаттығулар мен сөйлеу жаттығулары оқу үдерісінің кезеңдеріне сәйкес бөлінеді. Біріншісі – дыбыстар, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс қайталап айтуға, тани білуге арналған тапсырмаларды орындауға жаттықтырады. Ал екіншісі – еркін сөйлеуге дағдыландырады. Қатысымдық жаттығуларды шығармашылық жаттығулар деп те атауға болады. Өйткені, кей жаттығуларды орындау үстінде студенттер өз белсенділіктерін көрсетіп, алған білімдерін қолдануға тырысады, әрі шамаларына қарап өз бетімен ізденушіліктері пайда болады, себебі олар еске түсіру, ойлау сияқты жеке қабілеттеріне сүйенеді.

«Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» өзге тілді тіл үйренушілерге қазақ тілінде «қойылған сұрақты, қайтарылған жауапты түсіну, қысқа мәтінді тыңдап, түсінігін айту, жауап қайтара алу» деген талаптар қойылғандықтан, қатысымдық жаттығулар жүйесі тілді практикалық деңгейде меңгеруге бағытталуы тиіс. Қатысымдық жаттығулар арқылы:

- жүйелі түрде білік пен дағдының қалыптасуы дамытылады;
- тілдің ерекше тілдік материалын (фонетика, орфоэпия, орфография, лексика т.б.) қолдануы үшін әрекеттер ескеріледі;
- жаттығулардың қарапайымнан күрделіге ауысуын жүйелі түрде іске асыруға бейімдейді.

Қатысымдық жаттығулар жүйесі оқыту үдерісін сапалы өткізуге, студенттердің сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) тез меңгеруіне ықпал етіп, нәтижесінде өз ойын, пікірін, болып жатқан оқиғаны дұрыс бағалап, айта білуге дағдыландырады.

Қорыта келгенде, тілдік емес оқу орындарындағы қазақ тілі сабақтары таза грамматикалық, лексикалық тақырыптарға арналмай, тіл дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен ұштастырыла жүргізілуі тиіс. Олар бір-бірімен ажырамай кешенді жүргізілгенде ғана тіл дамыту жұмыстары өз нәтижесін береді.